№1«Еркетай»Алға бөбекжай балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №2

Күні: 12.12.2024 ж

Қатысушылар:7 адам

Күн тәртібінде:

1.2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары,алға қойылған мақсат-міндеттердің орындалуы

2.Мектепке дейінгі ұйымдағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ш.Таженова кеңес мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер туралы таныстырды. "Dara bala.kz" платформасының жұмысы туралы жалпы қосымша ақпарат берілді.
Балабақшаларға жолдама алу жолы автоматтандырылған.
Жолдама алу үшін darabala.kz сайтына электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалану арқылы немесе жеке басын анықтау үшін суретке түсіру (faceID) арқылы тіркеуге болады.
Алғашқы 3 күндікте жолдама жеңілдік санатындағы кезекте тұрған балаларға беріледі.
Бұл санатқа жататындар:

- Әскери қызметшілердің және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза тапқандардың, қайтыс болғандардың немесе хабар-ошарсыз кеткендердің балалары;
- Заңды өкілдері мүгедек болып табылатындардың балалары;
- Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Жетім балалар;
- Көп балалы отбасылардан шыққан балалар;
- Педагогтердің балалары;
- Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар;

Егер жеңілдік санатындағы ата-аналар 5 жұмыс күні ішінде жолдама алмаса, онда жалпы кезекте тұрған ата-ана darabala.kz порталынан жолдама ала алады.
Мектепке дейінгі ұйымдардарда кезекке қою және кезекті жылжыту үдерісін толық цифрландыру оның ашықтығын қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Балабақшада цифрлық табель жүйесін енгізу арқылы мектепке дейінгі мекемелерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтықты қалыптастыру, бюджеттен бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуы үшін қолға алынып жатқандығын айтты.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Г.Т.Жұмағалиева 2024-2025 оқу жылында арналған жылдық жоспар жүйелі өткізілуде. Барлық жоспарлан іс-шаралар орындалуда деп айтып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Аметов Е.Д

Хатшы: Жұмағалиева Г.Т

Scanned with CamScanner